

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
«Мирас» университеті

МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Университет «Мирас»

**«МИРАС» УНИВЕРСИТЕТІ ПРОФЕССОРЛЫҚ-
ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЛАУАЗЫМҒА КОНКУРСТЫҚ
ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Университет ОӘК отырысында талқыланды

Университет ҒК отырысында бекітілді

Обсуждено на заседании УМС университета

Утверждено на заседании УС университета

№ _____ Хаттама « _____ » _____ 2015ж.
Протокол № _____ « _____ » _____ 2015г.

№ 10 Хаттама « 28 » 05 2015ж.
Протокол № 10 « 28 » 05 2015г.

Шымкент 2015 ж.



«Мирас» Университетінің Әкімшілік Басқару және Кадрлер Департаментімен
ЖАСАЛҒАН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН.

«__» _____ 20__ ж, №__ хаттамасымен, «Мирас» университеті Ғылыми кеңесі
шешімімен 20__/20__ оқу жылынан бастап ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН.

Аталған Ереже «Мирас» университетінің профессорлық-оқытушылар құрамын және
ғылыми қызметкерлерін лауазымға конкурстық орналастыруды өткізудің ережелерінен
тұрады.

Аталған Ереже «Мирас» университетінің жеке меншігі болып табылады және Оқу
орнының білім беру қызметінде ішкі қолданыс үшін арналған.

МАЗМҰНЫ

Бөлім I	
Жалпы ережелер.....	4
Бөлім II	
Конкурсты өткізу тәртібі.....	4-7
Бөлім III	
Шағымдану тәртібі.....	7
Бөлім IV	
Ерекше ережелер.....	7
Қосымша	8-13

1. Жалпы ережелер

1.1. «Мирас» университетінің профессорлық-оқытушылар құрамын лауазымға конкурстық орналастыру туралы ережесі келесі нормативтік құжаттарға сәйкес жасалған:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылдың 27 шілдесіндегі Заңы;
- ҚР білім және ғылым министрінің бұйрығымен 14.12.2007 жылы №635 бекітілген, жоғары білім мекемелерінде профессорлық-оқытушылар құрамын және ғылыми қызметкерлерді лауазымға конкурстық орналастыру ережелері;

1.1.1. «Мирас» университетінің профессорлық-оқытушылар құрамын лауазымға конкурстық орналастыру тәртібін анықтайды.

1.2. Ереженің мақсаты:

- Бос жұмыс орындарын толықтыру;
- Мирас Университетінің кадрлық саясаты сұрақтарында құрылымдық міндеттерді іске асыру;
- Профессорлық-оқытушылар құрамын, білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін, нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына сәйкес қалыптастыру.

1.3. Ереже штаттық кестемен қарастырылған «Мирас» Университетінің профессорлық-оқытушылар құрамы және ғылыми қызметкерлерін штаттық лауазымдарға орналастыруға қатысты:

- 1.3.1. Конкурстық негізді төленетін штаттық лауазымды алатын және еңбек келісім шарты негізінде оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлері бойынша оқу жүктемесін орындайтын оқытушы штаттық оқытушы болып табылады.
- 1.3.2. Сағаттық төлем шарттарымен оқытушылық жұмысқа қабылданатын тұлғалар штаттық оқытушылар категориясына жатпайды.

2. Конкурсты өткізу тәртібі

Бірінші кезең - дайындық

кім	Құжат/функциясы	Негіздеме/мерзімі
Тіркеуші офисі	<ul style="list-style-type: none">• ПОҚ қажеттілігі туралы қызметтік хат	<ul style="list-style-type: none">• СЕ санының негізінде
Ғылыми кеңес	<ul style="list-style-type: none">• Комиссия құрамы және конкурстың өту мерзімі көрсетілген отырыстың хаттамасы	<ul style="list-style-type: none">• Тіркеуші офисінен ҚХ
Ректор	<ul style="list-style-type: none">• Конкурстық комиссия құрамы және конкурсты өткізу мерзімдері туралы бұйрық	<ul style="list-style-type: none">• ҒК хаттамасы
ӘБКД	<ul style="list-style-type: none">• БАҚ және Университет сайтында хабарлама орналастыру	<ul style="list-style-type: none">• Бұйрық шыққан соң

- 2.1. СЕ саны негізінде тіркеуші офісі ПОҚ қажеттілігі туралы қызметтік хатты қалыптастырады.
- 2.2. ҚХ негізінде Ғылыми кеңес конкурстық комиссия құрамы, оның құзіреттерінің мерзімін және конкурсты өткізу мерзімдері көрсетілген ПОҚ лауазымға конкурстық орналастыруды өткізу қажеттілігі туралы шешім қабылдайды.
- 2.2.1. Конкурстық комиссия мүшелерінің саны тақ болуы керек.
- 2.2.2. Конкурстық комиссия төрағасы – Университет басшылығының орынбасары.
- 2.2.3. Хатша конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды.
- 2.3. Құрам мен мерзімдері «Мирас» Университетінің Ректорының бұйрығымен бекітіледі.
- 2.4. Аталған бұйрық негізінде, жауапты тұлға, өтініштерді қабылдау аяқталғанға дейін кем дегенде 30 күнгізбелік күн мерзімінен кешіктірмей, Университет өткізетін конкурс туралы хабарламаны баспа жарияланымдарында және Университет сайтында келесілерді көрсете отырып жариялайды:
- Бос жұмыс орындарының атауы мен санын;
 - Оқу орны атауын, мекен-жайын, пошталық мекен-жайын, телефондарын;
 - Құжаттарды қабылдаудың аяқталу мерзімі мен уақытын.

Екінші кезең – конкурсты өткізу

кім	Құжат/функциясы	Негіздеме/мерзімі
ӘБКД	<ul style="list-style-type: none"> • Өтініштерді қабылдау. Үміткерлердің құжаттарын 1,2 Қосымшаларына сай сипаттамаларға сәйкестігін қарастыру 	<ul style="list-style-type: none"> • Өтініштер қабылдау кезеңіне
Тестілеу орталығы	<ul style="list-style-type: none"> • Ведомость 	<ul style="list-style-type: none"> • Өткізілген тестілеу негізінде
кафедралар	<ul style="list-style-type: none"> • Конкурстың әрбір қатысушы бойынша сипаттамалармен/ұсыныстармен қорытынды 	<ul style="list-style-type: none"> • ТО ведомосты, конкурсқа қатысушылардың құжаттары, сұхбаттасу
Конкурстық комиссия	<ul style="list-style-type: none"> • КК отырысының хаттамасы • Дауыс беру үшін бюллетень • Дауыс беру 	<ul style="list-style-type: none"> • Кафедра қорытындысы

- 2.5. Өтініштерді қабылдауды (Қосымша №3) ӘБКД бөлімі іске асырады.
- 2.5.1. Үміткердің ұсынған құжаттары лауазымдардың типтік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келмеу жағдайында, өтініш қарастыруға қабылданбайды.
- 2.5.2. Университетте жұмыс жасайтын тұлғалар, конкурсқа қатысу немесе лауазымға орналасу үшін еңбек келісім шарты бойынша жетекшінің атына өтініш, ғылыми жұмыстар және жасауларының сипаттамаларын және тізімін (егер олар бар болған жағдайда) береді (Қосымша № 4),.

- 2.6. Тіркелген құжаттарымен және Университет басшылығының қолы бар қабылданған өтініштер ӘБКД-мен кафедраларға алдын-ала қорытынды үшін өтініштерді қабылдау мерзімі аяқталған бір жұмыс күні ішінде беріледі.
- 2.7. Құжаттарды қарастырған соң, ӘБКД қатысушыны келесі кезең – тестілеуге жіберу туралы шешім қабылдайды.
- 2.8. Өтілген тестілеу нәтижелері бойынша ТО ведомосты қалыптастырады.
- 2.9. Конкурса қатысушылардың құжаттарын, сонымен мына қатар лауазымға үміткерлердің: кафедра меңгерушісі, профессор, қауымдасқан профессор (доцент), аға оқытушы, оқытушы тестілеу нәтижелерімен ведомостты қарау кафедра отырысында жүргізіледі.
 - 2.9.1. Кафедра меңгерушісін таңдау бойынша кафедра отырысын Университеттің басшылығының орынбасары жүргізеді.
- 2.10. Аталған ведомост негізінде, құжаттарды қарастыру нәтижелері бойынша, кафедралар үміткердің кәсіби сапасы бағасынан тұратын қорытынды шығарады.
- 2.11. Конкурстың әрбір қатысушысына сипаттамадан тұратын кафедра отырысының хаттамасы, конкурстық комиссияның Хатшысына беріледі.
 - 2.11.1. Кафедра меңгерушісіне үміткер туралы кафедра қорытындысына кафедра отырысын өткізген оқу орны басшысының орынбасары қол қояды.
- 2.12. Конкурстық комиссияның хатшысы комиссия мүшелерінің келуін тіркейді және отырыстың хаттамасын толтырады.
- 2.13. Комиссия мүшелері кафедраның әрбір қатысушы бойынша қорытындысын бөлек қарастырады.
- 2.14. Қажет болған жағдайда, комиссия конкурстың белгілі бір қатысушыларымен қосымша сұхбат жүргізу туралы шешім қабылдай алады.
- 2.15. Комиссия ашық дауыс беру арқылы №5 Қосымшасына сәйкес жасырын дауыс беру үшін бюллетенге бос жұмыс орнына үміткерді қосу туралы шешім қабылдайды.
- 2.16. Үміткерге келісу немесе келіспеу «келісемін» немесе «келіспеймін» деген сөздерімен әрбір үміткердің тегіне айтылады. Бірде-бір тегі сызылмаған бюллетень бір лауазымға екі және одан көп үміткерлер конкурстық таңдауға қатысу жағдайында жарамсыз болып табылады.
- 2.17. Дауыстарды есептеу үшін конкурстық комиссия жасырын дауыс берудің алдында, конкурстық комиссия құрамының ішінен, құрамында кем дегенде 3 комиссия мүшесі болатын, есептеу комиссиясын таңдайды. Есептеу комиссиясы әрбір үміткер бойынша дауыс беру нәтижесін жариялайды. Есептік комиссияның хаттамасы конкурстық комиссиямен бекітіледі және конкурстық материалдарына тігіледі.
- 2.18. Жасырын дауыс беру арқылы қабылданған конкурстық комиссияның шешімі нақты болып табылады, егер ол аталған Ереженің тәртібін сақтай отырып қабылданған болса.
- 2.19. Жасырын дауыстың нәтижелері бойынша конкурстық комиссия, бос жұмыс орнына үміткер әрбір қатысушы бойынша «оқу орны ректорына ұсынылады» немесе «оқу орны ректорына ұсынылмайды» тұжырымдамасымен еңбек келісімін жасау үшін ұсыныстарды дайындайды.

Үшінші кезең – қорытынды

кім	Құжат/функциясы	Негіздеме/мерзімі
Есептеу комиссиясы	<ul style="list-style-type: none"> • Дауыс беру қорытындыларын санау 	<ul style="list-style-type: none"> • Толтырылған бюллетендерге сәйкес
Конкурстық комиссия (хатшы)	<ul style="list-style-type: none"> • Конкурс нәтижелерін жариялау • Құжаттарды КБ беру 	<ul style="list-style-type: none"> • КК қорытындысы негізінде
Президент	<ul style="list-style-type: none"> • ИТД қорытындысы 	<ul style="list-style-type: none"> • Конкурсты өткізу аяқталған соң 2 айдан кешіктірмей

2.20. Конкурстық комиссияның хатшысы конкурс нәтижелерімен және конкурстық комиссияға қатысқандардың ұсыныстарымен таныстырады.

2.20.1. Конкурстан өткен қатысушылардың құжаттары конкурстық комиссияның отырысынан кейін үш жұмыс күні ішінде кадрлер Бөліміне беріледі.

2.21. Конкурс бойынша сайлаулар және еңбек келісімін жасау өтініш беру мерзімі аяқталған соң кем дегенде екі айдан кешіктірілмей жүргізіледі.

2.21.1. Конкурстық комиссия отырысының хаттамасынан көшірме жаңадан қабылданған қызметкердің жеке іс-қағазына тігіледі.

2.22. Орнатылған мерзімдерді сақтамау, үміткерлердің қойылған талаптарға сәйкес болмауы жағдайында конкурс және бос жұмыс орны туралы ақпарат басынан жарияланады.

3. Шағым беру тәртібі

3.1. Конкурсқа қатысушылар конкурстық комиссияның шешіміне жоғарғы оқу орны мекемесінің атына немесе соттық тәртіпте шағымдана алады.

3.2. Жоғарғы оқу орны мекемесінің басшысы конкурстық комиссияның шешіміне түскен шағымды қарастырады, аталған Ереженің талаптарын бұзу жағдайларын тапқан жағдайда конкурстық комиссияға қабылданған шешімді кері шығаруына ұсыныс береді.

3.3. Жоғары оқу орны мекемесінің басшысының ұсынысы конкурстық комиссиямен оның отырысында жаңа құраммен қарастырылады. Аталған отырыста конкурстық комиссия алдында қабылданған шешімді кері шығарады немесе оны өзгеріссіз қалдырады.

4. Ерекше ережелер

4.1. Конкурсты өткізуге қатысқан конкурстық комиссия мүшелері, комиссия хатшысы, Университеттің басқа да қызметкерлері, конкурстық ақпаратқа қатысты құпиялықты қатаң сақтауға және конкурс құжаттарына, кафедра қорытындысына және басқа да конкурстық материалдарға, аталған Ережеде аталған кейбір жағдайларды есепке алмағанда, бөгде тұлғалардың қол жетімсіздігін толық қамтамасыз етуге міндетті.

Құжаттар тізімі

1. Түйіндеме
2. Конкурстық комиссия төрағасының атына тіркелген форма бойынша өтініш
3. Кадрлерді тіркеу бойынша суреті бар толтырылған жеке қағазы
4. Автоөмірбаяны
5. Жоғары білім туралы дипломдардың, академиялық және ғылыми дәрежесі туралы, ғылыми дәрежесі туралы құжат және тексеру үшін түпнұсқалардың көшірмесі
5.1. Шетел тіліндегі дипломдар үшін мемлекеттік немесе орыс тілінде нотариалды куәлендірілген аудармасы болуы керек.
6. Қайта дайындық және біліктілігін көтеру (бар болған жағдайда) туралы сертификат көшірмелері және тексеру үшін түпнұсқалары
7. Өту орны бойынша рәсімделген (*Қосымша №4*), ғылыми жұмыстар, оқу-әдістемелік баспалар мен жасаулар (бар болған жағдайда)
8. Ойлап тапқан заттарына патенттер көшірмесі
9. Еңбек өтілін растайтын құжат
10. №086 формасы бойынша медициналық анықтама
11. Құқық бұзушылығы жоқтығы немесе бар екендігі туралы анықтама
Ескерту: университетте жұмыс істейтін тұлғалар, конкурсқа қатысу үшін немесе лауазымға еңбек келісімі бойынша орналасу үшін басшылық атына өтініш, ғылыми жұмыстарының сипаттамасы және тізімін береді.

«Мирас» Университеті профессорлық-оқытушылар құрамы лауазымы үшін біліктілік талаптары

№	Лауазым	Біліктілікке талаптар	Білуі керек
1	Ректор	Жоғары білім (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі), ғылыми дәрежесі және білім ұйымдарында және/немесе білімді басқару органдарында басшылық лауазымында кем дегенде 5 жыл жұмыс өтілі болуы керек, білім менеджменті бойынша біліктілікті көтеру курстарынан өту туралы сертификаттарының (анықтама) болуы	
2	Оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар, жоғары оқу орны мекемесінің әлеуметтік жұмысы бойынша басшылық орынбасарлары (проректор)	Жоғары білім (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі), ғылыми дәрежесі немесе «Назарбаев Университет» ААҚнда, немесе шетелдерде кадрлерді дайындау бойынша Республикалық комиссиясымен бекітілетін басым мамандықтар бойынша шетелдің басқа да жоғары оқу орындарында оқуын аяқтау қорытындысы бойынша тағайындалған магистр академиялық дәрежесінің бар болуы, білім ұйымдарында кем дегенде 5 жыл басқарушы лауазымында жұмыс өтілі, немесе «Назарбаев Университет» ААҚнда, немесе шетелдерде кадрлерді дайындау бойынша Республикалық комиссиясымен бекітілетін басым мамандықтар бойынша шетелдің басқа да жоғары оқу орындарында оқуын аяқтау (магистратура немесе PhD докторантурасы) шарты бойынша 3 жыл жұмыс өтілі, білім менеджменті бойынша біліктілігін көтеру курсынан өту туралы сертификат (анықтама) болуы	Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық Кодексті, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Коррупциямен күрес туралы», «Жалпыға ортақ әскери міндеттер және әскери қызмет туралы», «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Зандарын, Қазақстан Республикасының білімін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын, оқу орнының оқыту, ғылыми, өндірістік-шаруашылық және қаржылық-экономикалық қызметін реттейтін НҚА.

3	Декан	Жоғары білімі, ғылыми дәрежесі және білім ұйымдарында кем дегенде 5 жыл басқарушы лауазымында жұмыс өтілінің бар болуы, білім менеджменті бойынша біліктілігін көтеру курсынан өту туралы сертификат (анықтама) болуы	Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық Кодексті, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Коррупциямен күрес туралы», «Жалпыға ортақ әскери міндеттер және әскери қызмет туралы» және т.б. Заңдарын, жоғары білімнің функциялану және даму жүйесі сұрақтарын реттейтін НҚА
4	Деканның орынбасары	Жоғары білімі, ғылыми дәрежесі, оқу атағы, академиялық дәрежесі, білім ұйымдарында кем дегенде 3 жыл басқарушы лауазымында немесе мамандығы бойынша жұмыс өтілінің бар болуы	Қазақстан Республикасының Конституциясын, Азаматтық Кодексті, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Коррупциямен күрес туралы», «ҚР тілдер туралы» және т.б., жоғары білімнің функциялану және даму жүйесі сұрақтарын реттейтін НҚА
5	Кафедра меңгерушісі (әскери кафедра бастығы)	Жоғары білім (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі), ғылыми дәрежесі немесе полковник әскери шені, педагогикалық қызметкер лауазымында немесе әскери бөлімнің командирі орындасары және одан жоғары құрамның басшысы жұмыс өтілі	
6	профессор	Жоғары білімі, ғылыми дәрежесі, «қауымдастырылған профессор» оқу атағының болуы, ғылыми-педагогикалық қызметте 5 жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы	
7	Қауымдастырылған профессор (доцент)	Жоғары білім (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі), ғылыми дәрежесі және ғылыми-педагогикалық қызметте 5 жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы	
8	Аға оқытушы	Жоғары білім (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі), ғылыми-педагогикалық қызметте 3 жылдан кем емес жұмыс өтілінің болуы, оның ішінде оқытушы лауазымында 1 жылдан кем емес, немесе мамандығы бойынша практикалық жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес, және/немесе ғылыми дәрежесінің болуы	
9	Оқытушы (ассистент)	Жоғары білім, мамандығы бойынша 3 жылдан кем емес	

		жұмыс өтілінің болуы және/немесе магистр академиялық дәрежесінің болуы	
10	Оқу зертханасын меңгеруші	Жоғары білім, ғылыми және ұйымдастырушылық жұмыс өтілі 5 жылдан кем емес	

Ескерту: шетел тілін меңгерген, алыс шетел университеттерінде жұмыс/оқытушылық өтілі бар, оқытудың кредиттік технологиясы бойынша жұмыс негізін меңгерген конкурсқа қатысушыларға басымдық танылады.

Конкурстық комиссия төрағасына

Өтініш

Мені бос жұмыс лауазымдарын алуға конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын

«Мирас» Университетінің профессорлық-оқытушылар құрамына лауазымдарға конкурстық тағайындалу туралы Ережесінің негізгі талаптарымен таныстым, келісемін және оларды орындаймын.

Ұсынылған құжаттардың түпнұсқалылығын растаймын.

(қолы)

(аты-жөні)

«__» _____ 20__ ж.

Лауазымға конкурстық таңдау бойынша жасырын дауыс беру үшін

Бюллетень

(оқу орны атауы)

Конкурстық комиссия

(«__» _____ 20__ жылы ректордың №__ бұйрығымен бекітілген)

Отырыс өтті «__» _____ 20__ жылы Хаттама №__

Лауазымы _____

Кафедра _____

Факультет _____

Жарияланған бірліктер саны _____

№	Үміткердің Тегі, аты, әкесінің аты	Дауыс беру нәтижелері	
1		келісемін	Келіспеймін
2		келісемін	Келіспеймін

Ескерту:

1. Аты-жөндері әліпби бойынша енгізіледі.
2. Үміткерге келісу барысында «Келіспеймен» сөзін сызу керек, келіспейтін жағдайда «Келісемін» сөзін сызып тастау керек.
3. Комиссия мүшесі дауыс беретін үміткерлер саны «Келісемін», «Келіспеймін» жарияланған бірліктер санынан асып түспеуі керек.
4. Көрсетілген ережелерді бұзу арқылы толтырылған бюллетень жарамсыз деп танылады.